



ЖЕКЕ ҚАРЖЫ

Зейнетақы жоспарын басқару





Сұрақтар

- Зейнетақы көлемін жоспарлау маңыздылығы
- Қазақстандық зейнетақы жүйесі туралы
- Зейнеткерлікті қаржымен қамтамасыз ету жолдары

Зейнеткерлікке шыққанда жақсы өмір сүру үшін қанша ақша қажет?

Жеке қаржылық жоспарлаудың халықаралық тәжірибесінде зейнетақы табысының жеткіліктілік нормативі бар. Ол сіздің зейнеткерлікке шыққанға дейінгі табысыңыздың 70% құрайды. Болашақта зейнетақының қандай мөлшері сізді күтіп тұр? Неге бұл туралы жалға жұмыс жасап, жоғары еңбекақы алатын адамдар ойлану керек?



Әлемде алғаш рет зейнетақымен қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесі 1889 жылы Германияда Пруссияның канцлері Отто фон Бисмарктің бастамасымен құрылды. XX ғасырдың басында Ұлыбритания өзінің зейнетақы жүйесін ұйымдастырды. «Ынтымақтастық» зейнетақы жүйесі алдымен Еуропада таралды, 1935 жылы АҚШ — та, ал кейінгі онжылдықта әлемнің көптеген елдерінде енгізілді. Реформалардың идеялары бүгінгі қызметкерлердің немесе олардың жұмыс берушілерінің Мемлекеттік зейнетақы қорына жарналары есебінен зейнеткерлерге төлемдер қаржыландырылғанда ұрпақтар ынтымақтастығы принципіне негізделді. Бұл мемлекеттің орнына, өз тарапынан, осы қызметкерлердің болашақта зейнетақымен қамсыздандырылуына кепілдік берді. Бұл жүйені тарату деп те атайды, өйткені ол зейнеткер арасында жұмыс істейтін ұрпақтан түскен қаражат бөлінеді.

Зейнетақыны жоспарлаудың маңызды бөлігі жеке табысты қамтамасыз етумен байланысты. Батыс елдерінде бұл қаражат жинақтаудың негізгі мақсаттарының бірі, ол үшін адамдар бағалы қағаздар портфелін қалыптастырады және қор нарығында инвестиция салады. Иә, зерттеулер көрсеткендей, Батыс елдері азаматтарының бәрі үшін де, зейнетақы қорын жоспарлау күрделі әрі, машақаты көп жұмыс.

Бүгінде ғылымның дамуы арқасында біз туа біткен мінез-құлқымыз өмірде, атап айтқанда, зейнетақыны жоспарлауда бізге қалай кедергі болатынын түсінеміз. Стэнфорд университеті жанындағы ұзақ өмір сүру ғылыми орталығының мамандары магниттік-резонанстық томографты пайдалана отырып, зерттеулер жүргізеді. Тәжірибелердің бір сериясында зерттелетіндерге қартайғанда зейнетақыны елестету тапсырмасы берілді. Адамдар өздерін болашақта елестеткенде ешқайсысының ми бөліктерінде белсенділік байқалмады. Олар өзге бір адамды елестетіп отырғандай әсерде болған екен.

Сонда бізге өз зейнетақымызды жоспарлауға, осы қызметке бізді бейімдеуге не көмектеседі?

Бірінші әдіс-зейнетақы туралы ой қалыптастыру. Егер қазір зейнетақы туралы және оны қаржыландыру жолдары туралы, болашақта қалай өмір сүргісі келетін, зейнетақыны не істегіміз деген мәселелер туралы ойласаңыз, сіз ойыңызды жүзеге асыра отырып, ұзақ және бақытты өмір сүре аласыз. Бұған қол жеткізу әбден мүмкін, егер адам іс-әрекеттер жоспарлы әрі мақсатты, жүргізсе.

Екінші әдісі- Стэнфорд ғалымдары ұсынған екен. Олардың ұсынысы бойынша әркім өзін зейнеткер ретінде идентификация жүргізу арқылы, миды алдауға болады деген пікір білдірген. Олардың жүргізген эксперименттерінде, бірінші топтағы адамдарға зейнетке шыққандағы имидждерін қалыптасырып,



зейнеткер атанғандағы өмірлерінің жағдайын көрсеткен екен. Екінші топқа мұндай имидж қалыптастырған жоқ. Содан кейін сыналушыларға 1000 доллардан берді, оның бір бөлігін болашаққа кейінге қалдыру керек болды, ал бір бөлігін жұмсауға тура келді. Зерттеушілер айтуынша қартайғанда өзін көргендер өздерін көрмегендерден екі есе көп зейнетақы алып кеткенін анықтады. Сөйтіп бірінші әдістің нәтижесінде ұсынылып отырған нәтижелер, адамадардың болашақтағы өмірлеріне деген көзқарастарын қалыптастырумен ғана шектелмей, соған деген ұмытылыстарын арттырған.

Роберт Кийосаки «инвестициялау бойынша бай Папаның нұсқаулығы» кітабында «өз капиталынды салар алдында қаржылық жоспар құр» дейді, онда жоғары білім алу, Зейнетақымен қамтамасыз ету, медициналық қызмет алу және ұзақ мерзімді денсаулық сақтау сияқты түрлі қаржылық қажеттіліктер ескерілуі тиіс екендігі айтылады.

Еліміздің көпшілік азаматтары зейнетақымен қамтамасыз етілу барысын, ондағы жеңілдіктер мен жалпы мөлшері туралы ақпараттарды көбісінің біле бермейтіні шындық. Қарапайым қазақстандықтардың көпшілігі тек қана мемлекет тарапынан берілетін, жинақ қорлары арқылы жинақталатын зейнетақыға үміттенеді, бірақ сол зейнетақы жүйесі туралы, яғни зейнетақы мөлшері, ол қалай есептеледі, қандай базаға негізделеді, жалақының қанша пайызы зейнетақы қорына жинақталады, ол ақша қайда жатады, қалай өседі деген көптеген сұрақтар бойынша көп ойланбайды.

Зейнетақы – бұл мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдернің және (немесе) жасына байланысты төленетін зейнетақы төлемдерінің және (немесе) еңбек сіңірген жылдары үшін және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан, және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерінің жиынтығы.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес Қордан зейнетақы төлемдері зейнеткерлік жасқа толған азаматтарға ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге биыл 59 жасқа толғанда беріледі (мүгедектер мен көп балалы аналарды қоспағанда).

Қазақстанның зейнетақы жүйесі 1998 жылы 1 қаңтардан бастап бұрынғы ынтымақтық жүйесінен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшкенін бәріміз білеміз. Сол жылы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры құрылғанын да белгілі. Барлық жұмыспен қамтылған азаматтар өз жалақыларынан 10%-ды жинақтаушы зейнетақы қорына аударады. Бірақ әлі ынтымақтық жүйе бойынша 1998 жылға дейін еңбек өтілімі бар адамдар жинақтаушы зейнетақыға қосымша ынтымақты зейнетақы алады. Қазіргі уақытта Қазақстанда базалық, міндетті және ерікті деңгейлерден тұратын көп деңгейлі зейнетақы жүйесі жұмыс істейді.

Бірінші деңгей – базалық ол мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі (республикалық бюджеттен бөлінеді). Базалық зейнетақы – барлық зейнет жасына жеткен азаматтарға мемлекет тарапынан бірдей сомада төленетін міндетті зейнетақы. Ол адамдардың еңбек өтілі мен міндетті және ерікті зейнетақы қорына жасалған аударымдарға тәуелді емес.

Екінші деңгей – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен және ынтымақты зейнетақы есебінен құралады. Міндетті зейнетақы жарналары 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілді. Оның көлемі жұмыскердің айлық табысының 10 пайызын құрайды. Ұнтымақты немесе еңбек зейнетақысы азаматтардың 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек өтіліміне байланысты тағайындалады. Бұл зейнетақы түрі жылдар өткен сайын азаматтардың 1998 жылға дейінгі жинақталған еңбек стажының қысқаруына байланысты біртіндеп қысқарады, 2040 жылы мүлдем болмайды.

Үшінші деңгей – ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленеді. Ерікті зейнетақы жарналарының мөлшері және төлеу тәртібі салымшы мен Қордың өзара келісімі бойынша белгіленеді. Бұл жарналар арқылы салымшы өз жинақтарын елеулі түрде көбейте алады.

Егер сіз 2019 жылы зейнетке шықтыңыз делік. Еңбек өтіліңізді 40 жыл деп алайық. Соңғы үш жылда жұмыс істемеуіңіз де мүмкін. Немесе 2016, 2017, 2018 жылдары 100 000 мың ғана жалақы алдыңыз. Ал оған дейін 200 000 мың теңге алып жүрген едіңіз. Жалақыңыз жоғары болған кездегі 3 жылдық көрсеткішті көрсеткіңіз келеді, қаткені соған байланысты зейнетақы есептеледі. Сондықтан, қалауыңызға қарай жұмыс істеген 40 жыл ішіндегі кез келген үш жылда тапқан табысыңызды дәлелдеп беруіңізге болады.

Неғұрлым жалақыңыз жоғары болған сайын, соғұрлым зейнетақыңызда да көбірек болады. Сонда зейнетке шыққанда жоғары зейнетақы аласыз. Мысалы, 200 мың теңге жалақы алатын болсаңыз, оның 10 пайызы зейнетақы қорына аударылады. Демек, жұмыс беруші ай сайын 20 мың теңге жарна төлеп отыр.



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Зейнетақы жоспарын басқару

Егер 100 мың теңге айлық алсаңыз, онда 10 мың теңге зейнетақы қорына аударып отырсыз. Сонымен қатар, бөлек өз еркіңізбен қорға зейнетақы жарнасын аударып отыруыңызға болады. Сонда қартайғаныңызда базалық зейнетақы, ынтымақты зейнетақы, ерікті зейнетақыны да алатын боласыз.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

- Мемлекеттік базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері — 16 037 теңгені
- Ең төменгі зейнетақы — 36 108 теңгені
- Базалық әлеуметтік төлемдердің көлемін есептеу үшін төменгі күнкөріс көлемі — 29 698 теңгені құрайды.

Зейнетақы жинақтары әрбір салымшының меншігі. Шоттағы зейнетақы жинақтары сенімді қаржы құралдарына инвестицияланады, сәйкесінше шоттарға күн сайын инвестициялық табыс есептеліп отырады. Зейнетақы қорындағы ақшаңыз қор тарапынан басқарлық, түрлі бағалы қағаздар мен облигацияларға инвестицияланы, күнде өсіп отырады. Зейнетақы жинақтары есебінен қалыптасқан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын мұраға қалдырылады және олар инфляция деңгейін ескере отырып сақтану кепілдігімен қамтылады.

Сіздің зейнетақы жинақтарыңыздың мақсаты - бұл қажетті зейнетақы өмір салтын қолдау үшін қажетті жинақталған жинақтар мен инвестициялардың жалпы сомасы. Қаржылық жоспарлау жөніндегі мамандар жиі адамдар зейнетке шыққанға дейін олардың жалпы табысының 80-нен 90 пайызына дейін, оның ішінде әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі жәрдемақыларды қоса алғанда, өздерінің зейнетақы шығындарын жабу және өзінің өмір сүру салтын қолдау үшін қажет деп айтады. Басқа сарапшылар 70-тен 80 пайызға дейін жеткілікті дейді.

Мемлекеттегі зейнетақы жүйесінің тиімді болуына қарамастан, сондай-ақ әлі тым жас болғаныңызға қарамай, өз болашағыңыздың қаржылық жағдайы үшін жауапкершілікті жас кезіңізден бастап өз мойныңызға алғаныңыз жөн. Барлығымыз зейнетақы қорынан хаттар аламыз, тіпті егер сіз оларды оқығаннан кейін ештеңе жасамайсыз да, сіз өзіңіздің зейнетақы жинақтарыңыздың тағдырын жинақтаушы қорға қалдырасыз. Егер сіз болашағыңызды жоспарлау барысында, қазіргі таңдағы қаржыларыңыздан зейнетақы қорына еркін жинақтап отырмасаңыз, жалақысы жоғары жұмыста істемесеңіз онда күш-қуатыңыздан арылып, зейнетке шыққан уақытта сізге қиын күндер туу мүмкін. Онда сіз үшін мынадай келесідей жағайлар орын алуы мүмкін:

- Зейнетке шыққаннан кейін де жұмыс істеу.
- толық емес жұмыс күнімен қамтылу;
- Өмір сүру құны төмен географиялық ауданға көшу;
- Арзан үйге көшу;
- Үйреншікті өмір сапасынан бас тарту, демалыс пен саяхатты ұмыту.

HSBC банкінің мәліметтері бойынша, әлемдегі барлық зейнеткерлердің төрттен бір бөлігі зейнет жасына шықса да жұмыс істеді. Жұмысшылардың 56% болашақта дәл солай жасауды жоспарлады. Бұл пайыз дамыған елдерде төмен және ең жоғары көрсеткіш – Азияның дамушы елдерінде.

Зейнетақы жоспарлары елдегі зейнетақымен қамсыздандыру деңгейімен және лайықты қарттыққа жинақтау мүмкіндіктерімен байланысты. Әрине, жастар зейнетақы туралы жиі ойламайды, және де жас кезде әсіресе мансаптық қалыптасудың алғашқы жылдарында ақша да көп емес. Болашақ зейнетақы жинақтары үшін еркін қаражаттың пайда болуы мен оны түсінудің ең шыңы 30-35 жас кезеңінде ғана келеді. «Есіңізде болсын, егер сіз 30-35 жаста зейнеткерлікке ақша жинау туралы ойлай бастасаңыз, онда сіз кейінірек бұл туралы ойлайтындар мысалы, 40-45 жастағылар алдында үлкен артықшылығыңыз болады. Уақыт! 25-30 жыл ішінде сіз қор нарығында ұзақ мерзімді салымдарыңызды іс жүзінде тәуекелсіз жасай аласыз», — дейді Financial Management компаниясының халықаралық қаржы кеңесшісі Исаак Беккер.

Сонымен зейнеткерлікке қанша қаражат жинақтау керек?

Қажеттіліктер әр адам үшін әр түрлі: біреу зейнетке шыққан соң белсенді саяхаттағысы келеді, ал біреу сүйікті саяжайда өмір сүруді армандайды. Зейнеткерлікке шыққан кезде тұтынудың сол деңгейін сақтау үшін орташаланған тәсілдердің біріне сәйкес оның мөлшері 40 жасқа жеткен табыстың жартысын құрауы тиіс екен. Өйткені адам жасыұлғайған сайын өміріндегі кейбір шығындар азаяды екен, мысалы: ипотека немесе несие бойынша төлемдер, балаларды өсіруге кететін шығындар, күнделікті жұмысқа байланысты тұрақты шығындар (көлік, кеңсе киімі және т.б.).

Fidelity Investments сарапшыларының есептеулері бойынша, 24 млн – нан астам клиенттен тұратын әлемдегі ірі инвестициялық қорлардың бірі жинақталған зейнетақы төлемдері бұрынғы ай сайынғы



табыстың 45% – ын құрауы үшін, зейнетке 67 жаста шыққан жағдайда 10 жылдық табысты жинақтау қажет екен.

Ол үшін қанша уақыт керек?

Есептеулер жоғарыда айтылған болжам негізінде жасалған, адам 25 жаста зейнетке өз табысының 15% - ын кейінге қалдыра бастайды және жинақ қорындағы аударымдардың 40% - ға жуығы акциялар нарығында инвестиция салады. Жинақтарды үнемі толықтыру және оларды ақылға қонымды басқару 30 жасқа жеткенде бір жылдық табысты, 40 жасқа қарай 3 жылдық табысты жинақтауға мүмкіндік береді.

Бұл есептер АҚШ үшін жасалған – әрине олардың қаржы нарығын мнe валютасы тұрақталған деп айтуға болады. Бірақ қазақстандықтар үшін де бұл ереже жұмыс істейді: зейнетке ерте ақша жинақтай бастасаңыз, соғұрлым зейнеткерлің қаржымен сапалы қамтылады.

Сонымен 30 жасқа дейінгі адамдар табыстың 10%-15 % - ын, 30 жастан 40 жасқа дейінгі адамдар 20% - 25% ын, 40 жастан 50 жасқа дейінгі азаматтар 30% - ын, 50 жастан 60 жасқа дейінгі азаматтар 40% - ын зейнетақыға қалдыруы тиіс деп саналады.

Бұл ретте жеке «зейнетақы капиталына» жарналар үнемі жасалуы керек. Бұл, мысалы, 40 жастан асқан адамдарға зейнеткерлікке кешірек көшіру деген сөз емес. Бірақ жинақтау үшін, ең алдымен, кейбір ағымдағы шығындарды қысқартумен инвестициялық қызметіңізді неғұрлым тиімді жүргізу керек дегенді білдіреді. Алдыңғы дәрістерді инвестициялық стратегиялар мен портфельді құрастыру туралы, яғни консервативті және агрессивті стратегиялар туралы, деривативтер мен жеджирлеу туралы көп айтылған. Осы қаржылық құралдардың барлығын зейнеткерлік жосапр құру барысында тиімді қолдануға болады. Сол әдістердің ішіндегі ең қарапайымдары мыналар:

- Депозит ашу.
- Инвестициялық пай қорына салу.
- Жылжымайтын мүлікті сатып алу.
- Акцияларды сатып алу.

Өмір бойы жақсы еңбек еткен зейнеткерлер қаржы жағынан сауатты болған және мемлекеттің көмегінсіз лайықты қарттыққа өз бетімен ақша жинақтап – қазір зейнеткерлікке шыққан соң қызықты тренингтер мен спа-процедураларға барып, теңіз жағасындағы виллада бос уақытын өткізуде.

Зейнетақы жинақтарының үш маңызды ережесі бар, дейді мамандар. Ең маңыздысы-болашақ зейнеткерлікке тұрақты жарналар жасап отыру (яғни жағдайдан жағдайға емес, үнемі). Екіншісі, зейнетақы қаражатын салу құралдары барынша консервативті және әртараптандырылған болуы тиіс. Және, үшінші фактор инфляцияны жеңуге мүмкіндік беретін салымдардың қосымша кірістілігін іздеу болып табылады»

Қазір қазақстандық банктерді тенгемен салынған депозиттер бойынша жылдық пайыздық төлемдер 13% ға дейін қарастырылға. Ал олардың сақталуы және қайтарылу бойынша кепілдік 15 млн теңгені құрап отыр. Сондықтан барлық жұмыртқаны бір себетте сақтамаңыз ережесін ескере отырып өз қарадатыңызды сақтап және ұлғайта аласыз.

Қазір Біріңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы өз жинақтарыңызды бақылап, есептеп отыруыңызға жағдай жасалынған. Қордың сайтына кіріп үйден шықпай ақ зейнетақы калькуляторын қолданып ақшаңыздың ай сайн түсіп және инвестициялық қызмет негізінде өсіп отырғанан қадағаласаңыз болады. Зейнетақы жоспары ағымдағы инвестициялық «сәнге» жауап бермей, өте салмақты, стратегиялық болуы тиіс. Жинақтау тәсілін таңдау кезінде инвестициялардың негізгі принципін есте сақтау қажет: әлеуетті пайда жоғары болған сайын, тәуекелдер де соғұрлым жоғары болады